

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Табиғат біздің досымыз

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58435/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Дюсенбекова Айткүл Тапелқызы

Балалар қараңдаршы, бізге қонақтар келіпті, қане алдымен сәлемдесіп алайық.

Балалар шаттық шеңбер құрып амандасады

Бәріміз енді тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық

Жақсы – жақсы сөздерді,

Қонақтарға сыйлайық!

Табиғат біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс

Тәрбиеші: Қыста қандай өзгерістер болады?

Балалар: Жерді қар басады, өзенді мұз басады, құстар ән салмайды ағаштар өспейді, жәндіктер тығылып қалады, адамдар қалың киінеді.

Тәрбиеші: Қыс айларын білеміз бе?

Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан

Тәрбиеші: Балалар, қыс табиғаты қандай әдемі, сендерге ұнай ма?

Несімен ұнайды?

Балалар: Қыс мезгілінде айналаның бәрі аппақ қарға оранды.

Балалар қардан аққала жасайды.

Адамдар жылы киінеді, құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар енді назарымызды экранға берейік. Табиғат жайлы

сурет көрсету. Балалар міне біз әдемі, сұлу тамаша суреттер

көрдік ия, осылардың барлығын бір сөзбен не деп айтамыз?

Балалар: Табиғат

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар, табиғат дейміз. Сендер табиғатта неге

ұқсағыларың келеді?

Көркем: Мен аққуға ұқсағым келеді, өйткені ол әдемі сұлу құс, аққуды атпайды.

Айзада: Мен гүлге ұқсап жайнап тұрғым келеді, себебі гүл адамға қуаныш сыйлайды.

Құндыз: Мен табиғатта бұлбұл сияқты әнші болғым келеді.

Сезім: Мен күн сияқты адамдарға жарық жылу бергім келеді.

С.Санжар: Мен табиғатта бүркіт құсқа ұқсағым келеді, себебі ол батыл.

Исмаил: Мен ағашқа ұқсағым келеді, себебі адамдарға көлеңке береді.

Айсауле: Табиғатта мен қарлығашқа ұқсағым келеді. Себебі адаммен дос.

Нұрасыл: Тоқылдаққа ұқсағым келеді, себебі ол орман елшісі.

Шыңғыс: Сауысқанға ұқсағым келеді, себебі ол сақ.

Айша: Айға ұқсағым келеді, себебі ол айдай сұлу.

Тәрбиеші: Ал, балалар табиғат нешеге бөлінеді?

Балалар: Екіге бөлінеді

Тәрбиеші: Қандай, қандай?

Балалар: Өлі және тірі табиғат

Тәрбиеші: Тірі табиғатпен өлі табиғатқа нелер жатады?

Айғаным: Өлі табиғатқа: су, тас, құм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды денесінде жаны жоқ.

Исмаил: Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді, денесі жаны бар.

Тәрбиеші: Балалар, міне біз табиғат жайлы айтып жатырмыз ия сендермен біз ойын ойнайық өлі және тірі табиғатт ажыратып екі тақтаға құрастырамыз

Ойын: «Өлі және тірі табиғатты құрастыру»

Тәрбиеші: Балалар өлі мен тірі табиғатымыз қандай суретке ұқсайды.

Балалар: Күнге, гүлге.

Тәрбиеші: Балалар осы бізге күн не үшін керек?

Балалар: Күн біздің өмірімізге керек, күн жарық жылуын береді, өсімдіктер күннің көзіне өседі.

Тәрбиеші: Ауа ше?

Балалар: Ауамен дем аламыз, таза ауа жұтамыз, құстар ауада қалықтап ұшып жүреді.

Тәрбиеші: Сусыз өмір сүре аламызба?

Балалар: Жоқ, суды ішеміз, су балықтарға қажет, балықтар сусыз өмір сүре алмайды.

Тәрбиеші: Жер не үшін керек?

Балалар: Жерді адамдар басып жүреді, ағаш, шөп, гүлдер өседі.

Жануарлар орманда тіршілік етеді.

Тәрбиеші: Міне, көрдіңдерме тірі табиғат пен өлі табиғат бір бірімен тығыз байланысты екен. Балалар ал енді біз табиғат жайлы тақпағымызды айтайық.

Айару

Бұтақтарды сындырмай

Тазалықты сақтаймыз

Гүл өсіріп су құйып

Табиғатты қорғаймыз

Медина

Бақта гүлдер тереміз

Бірге ойнаймыз күлеміз

Міне біздер қандаймыз

Табиғатты қорғаймыз

Ақерке

От та, суда, ауа да

Жан-жануар барлығы

Орман теңіз тауларда

Табиғаттың байлығы

Т.Санжар

Табиғат егіз адаммен

Ұқсастық табам содан мен

Мәңгілік болсын егіздер

Жер –Ана , көк теңіздер

Тәрбиеші: Балалар сендер шаршаған боларсыңдар бәріміз орнымыздан тұрып бір серігіп алайық

Сергіту сәті

Тәрбиеші: Балалар енді алдарындағы үстелде суреттер бар қазір сол суреттердің жартысын тауып құрастырайық.

Дидактикалық ойын: «**Жартысын тап**»

Тәрбиеші әр баладан не құрастырғанын сұрап шығады.

Балалар жауап береді, олардың қайда тұратынын, қайда өсетінін.

Тәрбиеші: Балалар табиғатымызды не істеу керек?

Балалар: Қорғау керекпіз.

Тәрбиеші: Ендеше біз сендермен «Жақсы мен жаман» ойынын ойнайық.

Ағаш отырғызу... жақсы

Орманды өртеу... жаман

Құстарға жем шашу... жақсы

Құстың ұясын бұзу... жаман

Құстарға ұя салу.. жақсы

Суды ластау... жаман

Орманда қалдық заттарды қалдыру... жаман

Гүлдерді баптау... жақсы

Ағаштарды кесу... жаман

Өте тамаша балалар.

Қорытындылау

Бізді қоршап тұрғанның бәрі керемет жаратылыс, табиғат екенін білдік.

Табиғаттың тіршілік иелеріне берері мол екенін түсіндік.

Ал, ең бастысы, табиғат – ана бізге күш қуат пен денсаулық беретінін білдік.

Табиғат бізді мейірімділікке, төзімділікке, үйлесімділікке үйрететініне көзімізді жеткіздік.

— Балалар сендерге бүгінгі сабағымыз ұнадыма?

— Табиғат нешеге бөлінеді екен?

— Тірі табиғатқа нелер жатады екен?

— Ал өлі табиғатқа ше?

Тас төбеден қара бұлтты төндірмей,

Жер ананың байлығы мол, тең бірдей.

Осы байлық баршамызға жетеді,

Пайдалансақ табиғатты бүлдірмей деп, ашық оқу іс – қызметімізді аяқтаймыз.